

Бекітемін
Аққайын МДУ
менгеруцісі ма С.К.Ярова
«28» 2019ж



Пед.кенесте
№1 хаттамасы
«28» окт 2019ж

**«Күншуак» Ортаңғы тобының
ата-аналармен жүргізілген жұмыс
жоспары**

2019-2020 оку жылы

Ата – аналар жиналышының жоспары 2019жыл

Мақсаты: Балабакшамен ата – ана арасындағы қарым – қатынасты күшайтеді, отбасында балага ата – ананың ықпалын арттыру.

Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орынының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналарга тәрбиелеу үдісіне қажетті әтістемелік педагогикалық кеңестік көмек көрсеті.

Мерзімі	Мазмұны	Жауапты
Кыркүйек	<p>Ата – аналар жиналышы</p> <p>1. «Ата - аналар алдында қойылатын мақсаттар мен міндеттер». Ата - аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау.</p> <p>2. «Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қаблеттерін дамыт» (Баяндама)</p> <p>3. Балабақша ережелерімен және жаңа стандарт талаптарымен таныстыру</p>	<p>Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б</p>
Желтоқсан	<p>1.I – тоқсан қортындысы</p> <p>2 .«Төрлет Жаңа жыл» ертеңгілік. Кеңес:</p> <p>3.«Балалардың интеллектуалдық даму»</p> <p>4. «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы</p>	<p>Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б</p>
Наурыз	<p>1.II- тоқсан қортындысы</p> <p>2. «Аяулы анашым» 8 – наурызға арналған ертеңгілігі</p> <p>3. «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту кезінде жұмыстың жаңа озық әдістері» (Баяндама)</p>	<p>Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б</p>
Мамыр	<p>Ата- аналар жиналышы</p> <p>1.Білім көрсеткіш мониторингтерімен таныстыру</p> <p>2. Ата-аналарды жазғы маусымның шынықтыру жұмыстарымен танысты</p>	<p>Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б</p>

Ата –аналармен – откізлетіп жылдық жұмыс жоспары 2019 жыл

Мерзімі	Мазмұны	Жауапты
Кыркүйек	1.Ата-аналар жиналышы "4-5 жастагы балалардың ерекшелігі" 2.Ата-аналар комитеттің сайлау 3.Ата-аналармен тренинг жүргізу Тақырыбы: Сіз қандай ата-анасыз	Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б
Қазан	1.Ата-аналарға сауалнама жүргізу Тақырыбы: "Сіздің көніл-күйіңіз" 2."Тәуелсіздік-тірегім" тақырыбында газет көрмесі	Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б
Караша	1.Ата-аналарға кеңес Тақырыбы: Баланы қалай тәрбиелеу керек?	Тәрбиешілер Медбике
Желтоксан	1.Ата-аналар жиналышы 2.Жаңа жыл Мерекелік іс-шараға дайындық	Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б
Қантар	1.Ата -аналарға кеңес Тақырыбы: Баланы «таяқсыз» да тәрбиелеуге болады 2."Біздің қысқы демалысымыз " тақырыбында газет шығару	Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б
Ақпан	Тақырыбы: 1."Отбасы, бала, балабакша " дөңгелек үстел тренинг	Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б
Наурыз	1.Ата-аналар жиналышы Баяндама: « Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту кезінде жұмыстың жаңа озық әдістері» 2."Қолөнер" көрме үйымдастыру	Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б
Сәуір	1."Мен және менің отбасым" тақырыбында спорттық жарыс	Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б Дене шынықтыру нұсқаушысы
Мамыр	1.Балалардың білім мониторингімен таныстыру.	Тәрбиешілер: Шынбергенова.К.К Мамбетова.Г.Б

«Аққайың» МДҰ

Баяндама

«Бала – сенің бауыр етің»



Тәрбиешілер : Шынбергенова.К.К.

Мамбетова.Г.Б.

Талдысай ауылы 2019ж

Баяндама

Такырыбы: « Бала – сенің бауыр етің»

Мақсаты: Отбасындағы ата – ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ананың мейірімің, махаббатын, жақсылығын түсініп, оған балалық сүйіспеншілікпен жауап берे білуге баулу. Балаларга адамгершілік тәрбиесін бере отырып, оларды өзін - өзі тәрбиелеуге, өз ойын, ішкі сезімін ашық айтуға дағдыландыру.

I. Кіріспе

- Құрметті ата – аналар, бүгін біз сіздерді «Бала – адамның бауыр еті» деген тақырыпта пікірлесіп, ой бөлісейік деп, ата – аналар тренингін откізіп отырмын. Өздерініз білесіздер, бала тәрбиесінде сіздердің алатын орындарыңыз ерекше.

Аналар мен балалар дөңгелене жайғасып отырады.

- Балалар, көніл күйлеріңіз қандай?
- Тамаша.
- Балалар, біздің аналарымыз бізге шуак шашып, жылы лебіздерімен, жақсы сезімдерімен қоршап тұр. Аналарымыздың ыстық жүргегінен қуат алып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді алақан жылуы арқылы білдірейік.
- Ашық аспан тілеймін!
- Мен өзіме және өзімнін туыстарыма, анама, әкеме, әжеме, агама және кішкентай бауырларыма денсаулық тілеймін!
- Менің отбасымда тыныштық және сүйіспеншілік болсын!
- Өзімнің көршілеріме, таныстарыма, достарыма бақыт тілеймін!
- Біздің елімізде, бүкіл жер шарында бейбітшілік болсын!
- Аналарымыз аман болсын!
- Ата – ананың сүйікті баласы бол!
- Айтқан тілектеріңіз қабыл болсын, осындай сөз үйреткен біз тәрбиешілеріміз бен ата – аналарымызға рахмет!

II. Бөлім

Сезім бөлісу сәті

А) Аналар баласына жай уақытта айта алмайтын тәтті сөздерін, ойларын, тілегін айтсын (3 – 4 ана) «Айналайын құлышым.....»
Ә) Баласы анасына деген өз жүргегіндегі сезімін білдіреді. «Анашым», «Менің анам қандай сұлу», «Анам менің бақытты».

III. Бөлім

Ата – аналар үшін жағдаяттық сұраптар

- А) Балаңыз сізге көмектесіп, үй жинастырып жүріп байқаусызыда қымбат ыдысты сындырып алды. Сіздің іс - әрекетіңіз? (баланы жұбатып, әдейі істемегенін айтасыз)
- Ә) Баланы жазаладыңыз, содан соң гана өзініздің артық кеткеніңізді байқадыңыз. Не істейсіз? (Өз қателігіңізді мойындаң, үлкендер де қателік жіберетінін түсіндіресіз)
- Б) Балаңыз түрлі сұрап койып, жауап беруінізді отінеді. Сіз шаршап тұрсыз қалай жауап бересіз? (шаршап тұрганыңызды түсіндіріп, жауабын белгілі бір уақытта беруді белгілейміз)
- В) Балаңыз көшеден киімін ластап келді, сіздің әрекетіңіз. (Сен көшеден лас болып келгенде мен саган ренжимін)
- Г) Сіз үйге келгенде балаңыңдың ойыншықтарды коқыс қылыш үйінді жасап отырғанын көресіз, ренжисіз. Сіздің көзкарасыңыз? (Маган сенің ойыншықты оз орнына жинамағаның ұнамайды)

Балалар үшін логикалық ойындар

А) Әр түрлі қолғаптардың сыңарын табу. (алдымен түсінік жұмыстары жүргізіледі)

- Мынау не?
- Қолғап.
- Оны қай кезде киеміз?
- Қыста.
- Сенде неше қол бар және саган неше қолғап керек?
- Екеу.

- Олай болса мыналардың ішінен бір пар қолғапты іздең жауып ала қой.

Ә) Сұраптарға жауап алу.

1. Күндіз жарық, ал тұнде...? (қараңғы)
2. Аспан көк, ал шөп...? (жасыл)
3. Кішкентай сиыр - ол бұзау, кішкентай ит – ол..., кішкентай қой – ол...? (күшік, қозы)
4. Ит тауыққа ұқсай ма, әлде мысыққа ұқсас па? Несімен ұқсас?
5. Қарт адам мен жас адамның айырмасы неде?

IV. Көрініс

«Шалқан» ертегісін тамашалау

V. Бөлім



Қауышу сәті

Әр ана өз балаларына ризашылығын білдіріп, құшақтап отыруына болады.

VI. Бөлім

КорытЫнды бөлім

Ән: «Аналардың тілегі»



«Аққайын» МДҰ

Баяндама

**«Балалардың шығармашылық қабілеттерін
дамыту кезінде жұмыстың жаңа озық
әдістері»**

Тәрбиеші : Шынбергенова.К.К.

Талдысай ауылы 2019

«Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту кезінде жұмыстың жаңа озық әдістері»

Қазіргі күні егемен Қазақстан үлкен әлеуметтік- экономикалық және мәдени өзгерістер жолында . Бұл өзгерістер уақыты білім беру жүйесінің беріктігін сыйнап, жаңа педагогикалық ойларға , оқушы мен оқытушының арасындағы қарым-қатынас жасаудағы әдіс-тәсілдерінің жаңа жолдарын іздестіруге мәжбүрледі. Әсіресе , өткен жылдардың тәжірибесіне сүйеніп отырған мектепке дейінгі білім жүйесінің жаңалап дамуына әсер етті. Баланың өмірінде ең маңызды кезең балалық шақ болғанымен , соңғы он жылдың ішінде мектепке дейінгі оқыту жағымды жағына өзгерді . Қабылданған «Білім туралы » Занында білімнің демократизациясының және гуманизациясын қамтамасыз етіп отырған нормалар жазылған . Бұл заң арқылы ұлттық және әлемдік мәдениет , адамның жалпы құндылығы, оку тілінің еркін таңдауы және қалаған оку жері негізінде, мемлекет пен баланың даму қалыптасуына ықпал ететін керекті жағдай жасауға – мектепке дейінгі білімнің ең басты мақсаты болып анықталды . Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбиенің даму жүйесі- мектепке дейінгі барлық білім кезеңдеріндегі тұлғаның әртүрлі оку қажеттілігіне жарауының бағыт-бағдармен сипатталады. Мектепке дейінгі оқытудың базистік оку жоспарына көшуі әр мекеменің білім берудегі тұлғалы –бағдарлы мазмұнын , жаңа оку технологиясын ендіру және оларды балабакша жұмысында жұмсауы сиякты балабақшадағы білім берудің дәстүрлі емес әдістерін қолдану жағдайын әлі де өзекті мәселе қылыш көрсетіп тұр . Білім берудегі тұлғалы-бағдарлы бағыт бала тұлғасын қалыптастырады , ал ол болса өз кезегінде көбінесе оның тұлғалы дамуының бағытымен анықталады . Сол кезде , балаға оку үрдісін амал-тәсілін білу үстіндегі өзін-озі тану құқығы қалады , сонымен катар оқумен байланысты емес жағдайларда қолданылатын білім мен шеберлікке үйрене берудың тұлғалы-бағдарлы жағдайын жасауға көмектесетін кезең болып табылады, ал бұл көбінесе оқушыға бағытталған және оку үрдісінің жаңарту жолындағы келесі жағдайда қызмет етеді :

Жеке тұлға және денгейлі дифференсация ;

Информатизация ;




Даму арқылы интенсификация ;

Осылардың барлығы баланың белсенділігін жоғарылатуға , біліммен шеберлікті менгеруге көмектеседі .

Мектепке дейінгі жастағы балаларды математикадан білім берудің алдында- олардың тану қызметінің белсенділігі , білім алушағы шығармашылық қатынастың қалыптасуы болып тұр . Баланың оку танымдылық қызметі және білім алу арқылы ақыл-ойдың , зеректіктік тұлғалық ерекшеліктері дамиды . Осылардың барлығы ұжымдық оку кезінде жеке тұлғалық, дидақтикалық ұстанымның қажеттілігін білдірді . Балалардың жеке тұлғалық оқытудың келесі ұстанымы- дифференциялық оқытуы . Оның ең маңызды шарты – әр баланың жеке тұлғалық ерекшелігін ескеру және білу болып келеді . Математика санаудан емес , жұмбақтан басталады, яғни, туындалап тұрған мәселеден.

Балалардың шығармашылық ойлауы даму үшін , бала таныркаушылық пен кызыгуышылықты сезу керек. Эр бала қыншылыктардан өту , мәселелерді шешу арқылы ғана шығармашылық әлеміне шыға алады . Яғни , балаларды шығармашылық еңбеккө дайындаудагы психологиялық негізі мектепке дейінгі жаста қалыптасады . Сол кезде қиялы , шығармашылық ойлауы , көріністі қадағалауы және талдау , салыстыра алатындығы, деректі талқылауы, қорытынды жасауы сияқтылар дамиды .

Яғни дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер баланың жеке тұлғалық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік туғызады.





«Аққайың» МДҮ

Баяндама

**«Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық
қабілеттерін дамыт»**

Тәрбиеші : Мамбетова.Г.Б.

Талдысай ауылы 2019

« Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыт »

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл аткарады. Театр әр балаға куаныш үмтылmas әсер сыйлайды, оның коркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондыктанда да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бұлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сініре білу керек.

Бала әр нәрсеге құмар, қызыккыш, ол өзінің айналасында болып жатқан езгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады.

Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады.

Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды.

Аталған еңбектер мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ертегілердің түрлері ұсынылып оны сабакта және бос уақыттарында пайдалану әдістері қамтылған. Көркемәдебиет сабактарында ертегілерді сахналанауға және ертегіні рөлдерге бөліп ойлау арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілетін арттыру міндеттері нақты көрсетілген.

Балабақшада даярлық тобында сахналық қойылымдардың тиімді жолдарын қарастырған. Қазак ауыз әдебиеті – талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Одан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз. Қазақтың мақал-мәтелдері болсын, жұмбақ-жанылтпаштары мен ертегілері болсын – бәрі де балаларды Отанын суюге, ерлікке, елін корғауға үндейтіні белгілі.


Балалар бақшасының тәрбиеленушілерін ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстырып, олардың өмірін байыта түсу тәрбиешілердің міндеті болып саналады.

Баланың шығармашылық қабілетін дамытуда ертегінің маңызы зор екендігін және сахналық қойымдар арқылы ертегі мазмұнын баланың санасына сінру, түсіндіру, шығармашылықпен әрекет етуге баулу мәселесіне баса назар аударған. Театрландырылған көріністер арқылы бала өзін жан –жакты ашады, іс –әрекетке деген қызығушылығы арта түседі. Материалдың мазмұнында әдіс –тәсілдері түрлі -түсті суреттермен және балалардың іс -әрекет барысындағы фото суреттерінің берілуді еңбектің күндылығын қуаттай түседі. Тәрбиешілерге арналған әдістемелік нұсқаудың маңыздылығы тәжірибелік сабактардың жан –жакты талданып ұсынылуында. Ең бастысы ертегіні сахналау -балалардың кейіптендіру дағдыларын қалыптастыруға, танымдық белсенділігі мен іс –әрекетке қызығушылғын арттыруға ықпал ететіндігімен маңызды.



«Аққайың» МДҮ

«Қош келдің, алтын күз!»



Дайындаған тәрбиеші: К.К Шынбергенова

Талдысай ауылы

2019 жылы



Кош келдің, алтын күз!

Максаты: күз мезгілінің ерекшеліктерін үсіндыру. Күз айтарымен таныстыру, мерекелік көңіл-күй орнату.

Күзегі жапырақтармен безендірілген зал, ортага әсем дүен ырғағымен балалар кіреді.

Жүргізуші: - Армысыздар, құрметті ата-аналар! Сәлеметсіздер ме, қонактар! Бұгін біздің жыл мезгілдерінің ішіндегі ең бір кереметі – күз мезгіліне арналған «Кош келдің, алтын күз» атты ертеңгілігімізге кош келдіңіздер.

Тілегім – аман болсын ел іргесі,

Алтын күз қайта келді берекелі.

Молшылықтың жаршысы бола білді,

Алтын күз ырыс, береке ала келді! – деп баршаныңызды бұгінгі «Алтын күз!» мерекесімен «Күншуак» тобы құттықтайды!

Балалар хормен ән айтады: «Алтын күз»

Жүргізуші: Енді, балалар, мерекеміздің сәнін келтіретін Күз ханшайымын ортаға шақырайық.

Келші, келші, алтын күз,

Келші, келші, алтын күз,

Мерекені жалғастырып,

Ойнап күлші, алтын күз. (Осы кездे дүенмен күз ханшайымы ортага билеп шығады, қолыңда күзгі базарлығы бар)

Күз ханшайымы: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Уа, халайық, дархан далам армысын,

Табиғатым жаны жайсан тал мұсін.

Ханшайымы күздің бұгін келіп тұр,

Өздеріне әкелдім, күздің сыйын көз тартар. - Қандай әсем, әдемісіндер?

- Сендерді көргеніме өте қуаныштымын.

Жүргізуші: - Кош, келдіңіз, төрлетіңіз! - Күз ханшайымы, мына сыйлықтарды балаларға берсек бола ма?

Күз ханшайымы: - Болмайды, бұл сыйлықты балалар еңбек етіп аулары керек. Күзгі жемістер мен көкөністер адамның еңбегімен келмей ме? Сондықтан балалар, маган өлең айтып, би билеп өнерлерінді көрсетсендер сыйымды берем.

Жүргізуші: - Жоғары шығып отырыңыз, олай болса біздің балақайларымыздың өнерің тамашаланыз.

Балалардың тақпақтары

Шабдалы

Піскен кезі дәл күзде
Мезгілсіз оны үзбе
Аузынан кетпес бал дәмі,
Менің атым шабдалы.

Аниса

Қызылша

Мен де бір сөз айтайын
Мақтанайын сіздерге
Менсіз борщ болмайды,
Винегретте үстелде

Алихан

Қырыққабат

Мақтанғаннан не пайда
Менсіз дәмді щи қайда
Мені қосса самсаға
Бәрі жейді тамсана

Айерке

Қарбыз

Ала шапан киініп
Үлкейіпті қарбыздар
Жесен тілді үйіріп
Сусыныңды қандырар

Сайн

Қияр

Көктеп ерте шырмалап
Өсемін мен бүр жарып
Атым қияр теріп ал
Жиі-жіңі суарып

Диас

Сәбіз

Өсіретін бойымды
Дамытатын ойымды
Қоянға да азықпыз
Сәбіздерміз жазықсыз

Зейнұр

Қауын

Білесіндер ауылды
Ауылда өскен қауынды
Қауын деген сары алтын
Асыраған қауымды

Женісбек

Пияз

Болса да аңы
Дәмді етер асты
Өседі ол жерде
Тығып алып басты

Білімбет

Ойын: «Жаңғақ пен жемістер» жинау

Би: «Қыздар би»

Асқабак

Күзді күтіп жатырмыз
Жиып нәрді бойыма
Асқабакпын жараймын
Қыстай сактап қоюға

Мәulet

Анар:

Бұтактан үзілген
Жарылса анарым
Моншактай тізілген
Дәндерін аламын.

Медина

Алма.

Мен алмамын, алмамын.
Таңдайда қалар бал дәмәм
Жесең тілді үйірген
Пісіп тұрған алмамын

Айдария

Орік.

Мен өрікпін, өрікпін,
Айналага көрікпін.
Дәп-дәңгелек сары
Ішінде бар дәні

Кира

Құлпынай

Жапырақта тасалап,
Өскен жері бақша-бак.
Күрен қызыл шіркін-ай,
Оның аты құлпынай

Жұлдыз

Кортоп

Кортоп біздің атымыз
Жер астында жатырмыз
Бір тамырдан тараған
Ағайынбыз бәріміз.

Батыр

Алмұрт

Тіл үйірген алмұртпын
Таңсығымын бар жұрттың
Жақсы өсіре алмайды,
Қараса мені салғырт кім.

Айару

Жұзім.

Мен жұзіммін, жұзіммін,
Моншак болып тізілдім.
Тіл үйірер дәмім бар
Құмарсындар білемін

Милена

Банан

Мен бананмын, бананмын
Таудай үлкен боламын
Тұсім менің сап-сары
Ең дәмді боламын.

Бекдияр

Шие

Мен шиемін, шиемін,
Күннің көзің сүйемін.
Қышқыл шырын менде бар,
Төмен басты иемін.

Нұрай

Би: «Қырманға кел қалқатай»

Ән: «Кап-кап, тук-тук-тук»

Оған досым таң қалма!

Жапырақта сыйқырлы,

Ойын ойнар түр-түрлі!

Ойын: «Кім жапырақтарды жинайды»

Жүргізуші: - Олай болса, балалар, алтын күзбен «жапырақ жинау» ойын ойнап жіберейік.

– Балалар, күз ханшайымының сиқырлы орамалы бар, сонымен ойнағысы келеді, ойнағыларың келеме?

- Қане, шенбер кұрайық,

Билеп-билеп алайық.

Шыр етіп айналып,

Теріс қарап отырайық. (*Балалар теріс қарап тұрғанда күз ханшайымы ортага орамал жасылған себетті қояды. Ал, балалар енді бұрылып қарайық.*)

Күз: Орамалды ашайық,

Астында не бар қарайық?

Бұл не?

Себет қой! (*Себеттің бетін жапырақтар жауып тұрады*

Екінші рет ойналғанда, себеттің ішінде алмалар болады. Бұл күздің сыйы деп балаларға таратып береді. Балалар алғыстарын айтады.

Берекелі бақ дәulet,

Артта түссін тойланып.

Сау болындар, балалар,

Келгенше жыл айналып.

Жүргізуші: Жомарт күздің біздерге


Берерін алып шашпайық

Алтын күз тойын сіздерге

Би шашумен қоштайық.

Ортаға балақайларымызды «Флешмот» биімен қарсы алайық. Осымен ертеңгілігіміз аяқталды сау болыңыздар.

«Тұған жерім Қазақстан »



Дайындаған тәрбиеші: Г.Б.Мамбетова

Талдысай ауылы

2019 жылы

Тәрбие сағаты такырыбы: «Тұған жерім Қазақстан »

Тәрбие сағаттың максаты: Желтоқсан көтерілісінің сипатын насиҳаттай отырып, желтоқсан құрбандарын мәнгі есте сактау: жас үрпақ бойына еліне, жеріне, үлтіна деген партиоттық сезімін қалыптастыру.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, тәрбиешілер мен бұлдіршіндер «Тұған жерім Қазақстан » атты ертенгілігіне қош келдіңіздер! Бұгін біз Қазақстаннымыздың Тәуелсіздік алған күнін тойлагалы отырмыз. Бәрімізге мереке құтты болсын!

« Құншуак» тобының ертенгілігін бастауга рұқсат етініздер.

Балалар ән ыргагымен залға кіреді.

Әнұран айтылады.

Тәрбиеші: Қазіргі кезде ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсындар. 1986 жылы 16 – желтоқсанда қазақ жастары Ортанғы аланға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті. Осы желтоқсан көтерілісіне катысқан ағаларымыз берілген. Армандаған тәуелсіздіке қол жеткіздік

Бас алаңда ел жосқан,

Жастар қаны жуған күн.

16 желтоқсан-

Тәуелсіздік туған күн – деп.

Біздің балаларымыз « Отан» туралы тақпак айтып берсін.

Маulet:

Тәуелсіздік таңын сүйем

Таңымен бірге келеді ме өлең

Көк туына басымды ием,

Көгімізде желбіреген.

Нұрислам:

Әнді алысқа жеткіземіз,

Көкке елдің туы ілінді.

Жылда той қып өткіземіз,

Тәуелсіздік ұлы күнді.

Зейнур:

Маган қымбат ұлы елімнің

Шешек атқан әр гүлі.

Аялайды бәрімізді,

Азаттықтың таң нұры.

Алиха:

Желтоқсаның ызгары – ай

Кірпікке қатқан мұздар – ай

« Елім - ай» деп егілген,

Қаһарман ұлдар, қыздар- ай

Женісбек:

Туган елім, өзінің,

Жазираңды кездірдің.

Жайма –шуақ кезімнің,

Рахатын сездірдің!

Бектияр :

Туган елім – гүл елім,

Қасиетінді білемін.

Өзіңе деп жүремін –

Лұпілдеген жүрегім!

Білімбет:

Отан!

Отан!

Бәрінен биік екен.

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

Еркін және өзге елмен

Терезесі тең болу.

Айдария:

Болдым ғашық, тұған дала, мен саған,

Алыс жүрсем, арманым сен аңсаған.

Жакын жүрсем, мен төрінде рахаттың,

Алтын дінгек - өзім тұған босагам!

Сандугаш:

Менде сөйлер сөз болса –

Өзің берген сөзің гой!

Менде көрер көз болса –

Өзің берген көзің гой!

Гулшат:

Мен де өзіңдей байтақ едім, кең едім,

Қызығынды көріп еркін келемін

Сен де аямай бердің маған барынды,

Мен де аямай барым саған беремін.

Айару:

Уа, дарига, алтын бесік - тұған жер,

Қадірінді келсем білмей, кеше гөр!

Жата алмас ем топырагында тебіренбей,

Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

Кира:

О, тұған жер, кең пейіл, құшагың кең,

Саған көніл бұлқынар құш-агынмен.

Сағынышымды қанат қып саған карай

Балапандай талпынып ұшамын мен.

Отанды сүймеуің де күйік екен,

Отанды сүйгениң де күйік екен...

Диас:

Бірлігіміз жарасқан,

Арманымыз тау асқан.

Тұған жердің шыңдары,

Көк аспанмен таласқан.

Балаларды « Қазақтың ұлымын » атты оленимен ортаға шакырамыз.

Тәрбиеші: Балалар қазір біз « Кім білгіш» деген ойын ойнаймыз? Сұрақ – жауап арқылы.

- Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз? (Қазақстан)

- Біздің балабақшамыз қалай аталады? (Аққайын)

- Біздің тұңғыш приведентіміз кім? (Н.Ә.Назарбаев)

- Мемлекеттік рәміздерімізге нелер жатады?(ту, елтанба, әнұран)

- Тудың түсі қандай?(көк)

- Ел ордамыз қай қала?(Нұр- Астана)

Жарайсындар балалар өте жаксы жауап бердіңдер. Мың бұралған қыздарымызды ортаға шакырайық қазақтың биімен: « Қазақ қыздар биі»

Айерке:

Тәуелсіздік –

Бақ туын.

Қолға ұстаган сәт бүгін,

Болсын дәйім шат күнім.

Айзере:

Тәуелсіздік – ел болу,

Ұйыттымақпен орге озу

Милена:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,

Ағынды өзен, аскар тау, ғұлін сүйем.

Мен оның қасиетті тілін сүйем,

Мен оның құліретті үнін сүйем.

Еркекан:

Болдың гашық, туган далағ мен саган.

Алыс жұрсем, арманым сен аңсаган.

Жақын жұрсем, мен торінде рахаттың,

Алтын діңгек – өзім туган босагам!

Медина:

Алаканы анамның – тонырагың,

Сендік махаббатымның оты жалын.

Сені қалай сүюдің керектігін,

Мен ешкандай кітаптан оқымадым.

«Тәуелсіз қазақтың қызымын» атты әнімен қыздарды ортага шакырамыз.

Серіз қырлы бір сырлы жигіттерімізді ортага сарбаздар биімен шакырамыз .

Қазақтың ұлттық ойыны аркан тартыс.

Хор: « Нұр – ага»

Тәрбиеші: Ал күрметті конактар осындаі әдемі тілектермен, әндерімізben бүтінгі ертегілігімізді аяқтаймыз. Сіздерге тағыда мейрамдарыңыз күттү болсын. Аспанымыз ашық болып, Қазақстаным түлдене берсін.



«Аққайын»МДУ

« Жасыл шырша жанында»



Дайындаған тәрбиеші: К.К Шынбергенова

Талдысай ауылы

2019 жылы



«Жасыл шырша жанында»

Мақсаты: Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Мерекелік көңіл-күй ортасын ұйымдастыру. Аяз ата, Ақшақармен мерекелік қонақтармен көңілді ойындар ойнату. Достық қарым-қатынас, бірлесіп ән айттып, би билеп көңілдерін көтеру.

Зал мерекеге сай безендірілген. Жаңа жылға арналған мерекелік өткізетін әсем безендірілген залға балалар қол ұстасып келеді. Екі жүргізуші екі жақтан шығады.

1 жүргізуші: Келді міне, көптен күткен жаңа жыл, Ортамызда міне, жасыл шырша түр.

Келініздер жылы жүзді қонақтар, Таң қалдыраң бізде қызық думан бар. -Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Жаңа жылдық ертеңгілігімізге қош келдініздер. Жаңа жылда жаңа табыс, жаңа куаныштарға толы болсын!

2 жүргізуші: - Бәрекелді, бәрекелді! Құрметті балалар, апайлар, ата-аналар барлықтарыңызды бүгінгі жаңа жылдарыңызben шын жүректен құттықтаймыз. Келе жатқан 2020жылы бәрімізге бақыт, шаттық, береке, бірлік әкелсін. «Күншуақ» ортаңғы тобының дайындаған «Жасыл шырша жанында» атты ертеңгілігімізді алғашқы Жаңа жылдық құттықтау сөзді балабақшамыздың менгерушісі: С.Қ. Яроваға береміз.

1.жүргізуші: - Олай болса не тұрыс, шырша жанына балақайларымызды шақырмаймыз ба?

2. жүргізуші: -Ия, біздің биылғы жылымыз тышқан жылы емес пе? Сен бір өзін келдің бе, әлде жанында кім бар?

Ортаға біртіндеп кейіпкерлерді шақырамыз. Ендеше балалар алыстан келе жатқан Аяз ата мен немере қызы Ақшақармызды ортаға шақырайық. /Балалар барлығы бірге дауыстап шақырады/.

Аяз атандың сөзі: Амасындар ма, ұлдарым, Амансындар ма, қыздарым!

Қандай әсем жырларың, Асулармен алысқан, Асу желмен жарысқан.

Аталарын сендерге

Сыйлықпен келді алыстан. Әдемі де, көңілді балақайлар! Шыршаларын қандай тамаша безендірілген мен сендердің мерекелеріце келдім. Жаңа жылды қарсы

алуга дайынсыңдар ма?

Ақшақар: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Орманды көктей өтіп жеттім-ау сендерге. Қандай әдемі, неткен сұлу шырша! - Ия, атай, барлығы ойдағыдан! Бірақ шыршамыздың шамдарын жарқырату керек!

Аяз ата: - Дұрыс айтасын, Ақшақар, менімен бірге қайталандар! «Шырша шамы жарқыра» - деп айтсақ шырша шамдары жанады. Кәне, бәріміз бірге айтайық. (Барлығы бірге айтады. Шырша шамы жарқырайды.)

Жүргізушиңің сөзі: Атамыз алыстан шаршап келген боларсыздар, отырып балақайларымыздың өнерін тамашалаңыздар.

Би: «*Аю мен Машалар*» Білімбет,Кира,Медина,Айерке,Милена.

Ойын: «Сиқырлы қалта»

Би: «*Сайқымазактар*» Женісбек,Бекдияр,Диас,Зейнұр,Алихан.

Ән: «*Маленкие елочки*» Кира,Медина,Милена

Би: «*Аралар*» Айдария,Айару,Сандуғаш,Гүлшат,Айзере.

Ойын: «*Кім тез акқаланы салады*» Ата-аналармен ойын.

Би: «*Қояндар*» Мәуліт,Нұрислам,Анарбек.

Ән: «*Келді міне, Жаңа жыл*»

Жүргізуши: Балалар білесіңдер ме, бізге биыл шошқа жылын шығарып салып, енді біз тышқан тышқан жылын карсы алмақшымыз. Олай болса бізге бүгін қонаққа келген тышқандардан өнерін тамашаламасқа.

Жүргізушиңің сөзі: Кел жаңа жыл, жаңа жыл,

Бақшамыздың төріне.

Қарсы алайық ескі жылды

Қол соғып «тышқандар» бінене.

Би: «*Тышқан би*»

Аяз ата мен Ақшақар сөзі - Балалар, біз де сендерге құр қол келген жоқпыз, сыйлықтарымызды ала келдік. Бұл сыйлықтарды сендерге бермес бұрын, сендер бізге қандай тақпак жаттағандарынды тындағымыз келіп тұр.

Балалардың тақпақтары.

Шырша да әнге қосылды

Ән саламыз, би-билеп,

Шырқайтыны жаңа жыр

Жырдан шашу төгілді.

Шаттық нұры шашылды,

Бүгін біздің Жаңа жыл,

Өйткені бұл жаңа жыл.

Қандай қызық қөңілді.

Айдария

Анарбек

Ақ қар жапты шыршаны

Жаңа жылмен, жаңа жылмен,

Ақ жамылды айнала

Құттықтаймыз әрине

Жарқыратып шамдарын

Әкемізді, анамызды

Шырша келді ортаға

Қонақтардың бәрінде.



Бекдияр

Зейнүр

Шыршамыз да керемет,
Ойыншиқтар тағылған
Алыс жақтан келіп тұр,
Аяз ата сағынған.

Нұрислам

Жұзімізге құлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз беріміз.

Айерке

Жаңа жыл, жаңа жыл,
Жаңа жылда, жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жур.

Диас

Жаңа жыл келгенде
Куанып қарсы аламыз.
Аяз ата келгенде,
Билейміз ән саламыз.

Айзере

Даланың да, қаланың
Думандатып отбасын
Тағы міне, Жаңа жыл,
Қақты уақыт қақпасын.

Женісбек

Әдемілеп біз ілген
Ойыншиқтар тізілген.
Қандай жақсы шыршамыз,
Ән шырқайық баршамыз.

Айару

Жаңа жылға сәніміз,
Біздің айтар әніміз.
Келдің бе, аман алыстан,
Сәлем, Аяз атамыз.

Кира

Ақ сақалды таяқты,
Қалың қырау қабақты.
Аяз ата аямай,
Бізге сыйлық таратты.

Гүлшат

Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Білімбет

Жаңадан тақпақ
Айтамыз жаттап
Жаңа жыл келді,
Жаңа жыл аппақ.

Милена

Аяз ата ақсақалды,
Ақ таяқты паң ата.
Асып өтіп асқар тауды,
Жеттің бізге таң ата.

Алихан

Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Медина





Дала нұр, қала нұр,
Құтты болсын Жаңа жыл.
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр.

Сандуғаш

Бізбен бірге ойнайды,
Жаңа жылды тойлайды.
Барлық бала бақытты
Болса екен деп ойлайды.

Еркежан

Жаңа жылым мол болсын!
Басқан қадам оң болсын!
Төрле, төрле Жаңа жыл.
Бізге құтты жыл болсын!

Мәуліт

Аяз ата мен Ақшақар сыйлықтар таратады.

Ақшақар: Мінекей, балалар, сендермен қоштасатын сэтте келіп жетті. Сендердің кимай тұрмыз, барлығын да көңілді, әдемі билейді екенсіндер.

Аяз ата: Жаңа жылда, балалар, тек жақсылық көріндер.

Ауырмандар ешқашан, мықты болу өзінен.

Ақшақар: Жаңа жылда, балалар, тек жақсылық көріндер. Ақылды да, мейірімдің болып өсе беріндер! Сау болындар, балалар!

Жұргізуши: -Ия, рахмет сіздерге Жаңа жылда жаңа табысқа, жаңа қуаныштарыңыз көп болсын! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын «Күншуак» тобының дайындаған ертеңгілігі осымен аяқталды. Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар.



«Ақкайын»МДҰ

«Ардакты ана, аяулы ана »



Дайындаған тәрбиеші: Г.Б.Мамбетова

Талдысай ауылы

2020 жылы

Балалар әуенмен залға кіреді, жарты шенберге тұрады.

1.Жүргізуі: Қымбатты балалар, сүйекті әжелер мен абзал аналар, ардакты апалар, құрметті әрінестер және кішкентай ғана сүйкімді қыздарымыз сіздерді келе жатқан 8- наурыз Халыкаралық аналар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жұздерініз коктемнің шуакты қүніндегі жарқырап жана берсін, денсаулықтарыңыз мықты болып, шуақты құндер бола барсін! Сіздерге котерінкі қоціл- күй тілей отырып, « Күншуақтобының « Ардакты ана, аяулы ана » атты ертеңгілігімізді кабыл алыңыздар. Ертеңгілігіміздің алғашқы сөзін балабакшамыздың мемгерушісі : Сагыныш Куандыккызына сөз береміз.

2.Жүргізуі:

Бәрімізге анасың,
Біз үшін күн бол жанасың.
Құтты болсын мейрамың,
Құттықтаймын анашым!

1.Жүргізуі:

Бұгін наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз адамның,
Анаға айтар лебізі – деп, кезекті « Ақ мамам» әніне береміз.
Ән: « Ақ мамам» Хор

Балалар орындарына отырады.

2.Жүргізуі: Балалар аналарына өлең шумактарын жолдайды.

Айару:

Сыйлаймын мен жырымды,
Сізге арнап жаттаған.
Мейрамыңыз бүгінгі,
Құтты болсын ақ анам!

Білімбет:

Таңдай қага тамсана
Тіршіліктің басы – Ана!
Қыздырайық тойды біз,
Бар әлемге жарсала!

Сандығаш:

Анашымды сагына,
Оған ешкім жетпейді.
Анасының жанынан
Бобегі де кетпейді.

Бектияр:

Еркелеткен баласын,
Өсіретін санасын.
Жағдайыңды жасайтын,
Кім сүймейді анасын.

Расул:

Ақ сұт беріп аялаган,
Кім жетеді анаға,
Анадан артық жан бар ма!
Мейірімін төккен балаға

Би: «Ха- фа-на -на»

Айзере, Гұлшат, Айдария, Айерке, Милена, Айша.

1.Жүргізуші:

Қайырымды қасиетті,
Ең ардакты ақ әжем.
Әрбір сөзі өснегті,
Бага жетпес ақ әжем.
Бүгінгі мереке күні әжелерімізді де мерекелерімен құттықтаймыз. « Қариясы бар үйдің казынасы бар» деп бекер айтпаған. Келесі құттықтауларамыз сіздерге арналады құрметті әжелер.

Ән: « Аяжаным »

Айдария:

Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойга түйеміз.
Әжені де ардактап,
Әдеппен бас иеміз.

Бекиүр:

Әжем үйге келеді,
Маган да сол керегі.
Тойдан алға кәмпітін,
« Құлыным» деп береді.

Кира:

Қуанамыз, сыйлаймыз,
Қуаныштың май гүлін.
Әжелерді құттықтап,
Жыр арнайтын күн бүгін.

2.Жүргізуші:

Армысыздар халайық,
Бармысыздар халайық.

Аналарды құттықтаи,
Би де билен алайық – деп көнілді биді тамашалайық, бірге көніл көтерейік.
Би: «Әжелер»

Нұрислам, Зейнур, Расул, Мәулет, Диас, Алихан.
1.Жүргізуши: Келесі кезекте тақпактарға берейік.

Женісбек:

Анашым анам,
Ризамын саған.
Тіліңді алам,
Ақылды анам.

Айерке:

Үн катасың бал тілемен,
Еркелеймін әр күні мен.
Құттықтаймын анашым,
8- наурызбен.

Мидина:

Ана біздің күніміз,
Ананың біз гүліміз.
Балаларды қуантып,
Ұзак өмір сүрініз.

Айзере:

Еркелесем құлімдейтін,
Ұрысканы білінбейтін.
Маңдайымнан иіскең менің,
« Құлышагым, күнім » дейтін.

Анарбек:

Баланың да тірегі,
Дананың да тірегі.
Ауырмасын ешқашан,
Аналардың жүрегі.

Милена:

Күн бол құліп балага,
Ой жіберген санага.
Мың бір сәлем жолдаймыз,
Ардакты абыл анага.

2.Жүргізуши:

Әжемді мейрамымен құттықтаймын,
Айтатын ән, беретін гүлім дайын.

«Әжетай, сені жаксы коремін деп,»
Ақырын құлагыңа сыбырлайын- деп.

Ән: «Апа туган күніңмен» орындайтын: Кира.

1.Жүргізуі:

Конілдердің хошын – ай,
Бар баланың досындей.
Ақ жүректі, кең пейіл,
Біздің жігіттер мен қыздар осындей, -деп кезекті тағы бір биге береміз.

Би: « Гүл чарлестоны »

Женісбек - Айару, Анарбек – Сандугаш, Білімбет – Мидина, Бектияр- Кира.

2.Жүргізуі: Келесі кезекте аналар туралы такпактарға берейік.

Зейнур:

Кел балалар ойнайық,
Көнілденіп тұрайық.
Күн астында шуақты,
Мерекені тойлайық.

Нұрислам:

Бәрімізге анасың,
Біз ушін күн бол жанаңың.
Құтты болсын мейрамың,
Аман- сау бол анашым!

Батыр:

Аналар, арулар мен сұлу қыздар
Мәнгі әсем гүл болып калыңыздар
Шын жүректен құттықтаймыз сіздерді
Ең бақытты ең ардақты болыңыздар.

Айша:

Айналайын ақ мамам
Балапанын мактаган,
Анам барда әрдайым
Куанамын шаттанам.

Би: « Американ би» ұлдардың бәрі

1.Жүргізуі:

Алакай – ау, алакай.
Көктем келді балакай.
Музика ыргагымен залға « Коктем аруы» кіреді.
Есік қағылып, ішке музика ыргагымен көк көйлек киген Көктем ару келеді. Құшағында бір құшак гүлі бар.

Ару көктем:

Мен көңілді көктеммін,
Былтыр келіп кеткенмін.
Көзін ашып бұлақтың,
Түбіне тал еккенмін.
Шуағын төгіп әлемге,
Жылуын күннің әкелем.
Табиғаттың төсіне,
Тіршілігін силаймын.

2. Жүргізуші: Амансың ба, Көктем аруы! Ұлан байтақ елімізге қош келіпсін!
Шуағынмен шаттандырап, нұрынды мол төге бер.

Көктем: « Мынау менің құшағым толы қыр гүлін, гулдей жайнаған
қыздарға, тәрбиешілерге, аналарға, әжелерге шашу етіп шашқым келеді» деп
гүлді жерге шашады. Осы гулдей құлпыра беріндер. Аяулы аналар, әжелер
мерекелеріңіз құтты болсын! Балалар мен сендерге қызықты ойын ала келдім.
Ол ойын гүлді тез жұбына беру керек. Маған екі ұл бала екі қыз бала шыға
қойындар.

Ойын: « Гүлді тез жұбына бер»

Көктем: Ал балакайлар өнерлерінді көрсетіндер. Қандай өнерлерің бар?

1. Жүргізуші: Біздің топтың балалары ортага шығып көктемге жаттаған
тақпақтарын айтады.

Диас:

Көктем, көктем, көктемде,
Құстар келіп жеткенде.
Куанып бір қаламыз,
Әнмен қарсы аламыз.

Алихан:

Көктем келді бүгін,
Күнін төкті нұрын.
Сайрап барлық құстар,
Ән салуға құштар.

Гүлшат:

Түрлі – түсті әйбат,
Гулдей шықты жайнап.

Қызыл – жасыл аймақ,
Қырға шықсақ ойнап.

Маулет:

Көктем, көктем, көктемде,
Күн күркіреп өткенде.
Нұр жаңбырды тосамыз,
Оны да әнгे қосамыз.

Ән: «Анажаным» Хор

2.Жүргізуіші:

Ару қыздар, сұлу қыздар,
Көктем меркесі құтты болсын!
Көңілді өскен балалар,
Күлім қағып тұрады.
Тойымызға сән, беріп,
Көктемге би арнанап береді.



Би: «Анамызбен бірге билейміз »


Көктем аруы: Балалар мен орманға барып басқа андарды оятып, ағаштардың қарларын ерітіп, орманды гүлге орауым керек. Келесі жылы көктемда тағыда кездесерміз. Сау болыңыздар достарым!

Балалар: Сау болыңыз!

1.Жүргізуіші:

Аяулы да алтын нұрлы анашым,
Жүрегіммен мәнгі бірге боласын.
Сен асқарсын, сен аспансың биіксін,
Сен дархансың, сен жомартсын данасын!
Құрметті аналар, ақ жаулықты әжелер, сүйкімді қыздар сіздерді тағыда меркелеріңізбен құттықтаймыз. Алдарыңызда тұрған балаларыңыз сіздірді қуанта берсін. Осымен өртөңгілігіміз аяқталды. Келгендеріңізге рахмет. Сау болыңыздар!







ЖАНАЛЫК Жаршысы

Жаналык
Жаршысы 2020 жыл

zhanalyk_zhanalyksy@mail.ru

Тәрбиешілерге алғысмызды айтамыз

«Аққайын» мектепке дейінгі үйымының тәрбиешілері бөбектердің ой-өрісінің кеңейіп, болашақта жан-жақты білімді болуы жолында бар күш-жігерін жұмсап келеді. Оған талай көзіміз жетті.

Алғыс айту күнінде де мазмұнды шара өтті. Атап айтқанда, тәрбиешілер Н.Сүлейменова мен А.Машева бірінші кіші топты, Г.Нұрғалиева мен Г.Елеусізова екінші кіші топты және К.Шынбергенова мен Г.Мәмбетова ортаншы топты мерекелік шараға жақсы әзірлеген. Балғындардың биі мен өніне, алғыс білдірген тақлақтарына риза болдық, еркіндігіне қуандық.

Осындай тәрбиешілерді мақтан етіп, алғыс білдіреміз.

Ата-аналар атынан Б.Баймаханова, Ю.Кузаева.
Талдысай ауылы.



ЖАҢАЛЫҚ жаршысы

№19 (111)
11 қарын 2020 жыл
жаршысы

zhanolik_zharshysy@mail.ru

«Зерек аже ізімен»

Талдысай ауылындағы «Аққайың» МДҰ-нда «Зерек аже ізімен» атты аналардың төл мерекесіне арналған әжелдер арасындағы сайыс болып өтті. Оның мақсаты - жас буынды қазақтың үлттың салт-дәстүрімен, тағамдарымен, өнерімен теренірек таныстыру. Өйткені, бұлғаң үрлак арқылы еліміздің болашағы басталады. Сол бұлғаң булдіршіндер үлттымыздың құндылықтарын балаң шақта бойына сініріп өссе, үлттымыздың бабадан келे жатқан үрдістері өшпесі анық.

Сайыста өзін таныстырумен қа-

тар, қолдан жасалған қолөнер бүйімдарын, тағам түрлерін таныстыру, басқа да үлттық өнерді көрсету.

«Аққайың» тәрбиешілері үйымдастырган шарага қатысқан әжелер Талшын немересі Арманмен, Алтын немересі Айданиямен, Ақтолқын немересі Білімбетпен, Райля немересі Мединамен және Сәнім немересі Кирамен қатысып, сайыс шартына сай өздерінің бойындағы өнерін көрсетіп, сауалдарға жауаптарын берді.

Барлығы да номинациялар бойынша маралатқа ие болды.

Е.САҒЫНЬШ.



